

ИСЛАМ ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ДІНИ-ЭТИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Н. Стамбакиев

АННОТАЦИЯ

Мақаланың мақсаты жалпы этика мен экономиканың өзара байланысын айқындап, ислам экономикасының моральдық-экономикалық нормаларға қаншалықты мән беретіндігін анықтау. Мақала кіріспе, екі негізгі бөлім және қорытындыдан тұрады.

Мақаланың бірінші бөлімінде жалпы экономикамен этикалық нормалардың арасындағы қатынас зерттеуге алынды. XIX ғасырдағы Жан-Батист Сэй, Леон Вальрас, Альфред Маршал сынды батыстық экономистердің экономика ғылымдарын моральдық-этикалық нормалардан бөліп қарастыру бағытына сыни талдау жүргізілді. Мұсылман әлеуметтанушысы Ибн Халдун мен француз ойшылы Жан-Жак Руссоның экономикалық шешімдердің мәнін толық түсіну үшін адамды тек экономикалық бірлік ретінде қарастырмай адамның басқа да қырларын экономика ғылымдарының зерттеу аясына қосудың маңыздылығын алға тартқандары айшықталды.

Екінші бөлімде исламның экономикаға қатысты тағылымдарында этикалық нормалар қаншалықты деңгейде назарға алынғандығы зерттелді. Мақалада ислам экономикасындағы этикалық нормалар мен принциптер бірінші кезекте Құран және Сүннет деген екі қайнар көзден бастау алатындығы айқындалып, діни қайнар көздерден алынған экономикалық принциптердің этикалық қырлары зерделенді. Атап айтқанда ислам экономикасы адал кәсіппен айналысу, экономикалық теңдік, әлеуметтік теңдік және меншікті қорғау деген басты принциптерге негізделгендігі айқындалып, оларға жеке-жеке талдау жасалды.

Зерттеу нәтижесі моральдық-этикалық құндылықтардың жалпы экономика ғылымдарында айырықша орынға ие екендігін дәлелдеп, ислам дінінің этикалық нормаларды экономикалық шешімдер мен әрекеттердің ажырамас бөлігі ретінде қарастыратындығын көрсетті.

Түйін сөздер: ислам экономикасы, дін, экономика, этика, мораль, әлеуметтік теңдік.

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы, Қазақстан

Автор-корреспондент:
Н. Стамбакиев,
nurzhanjks@gmail.com

Мақаланың сілтемесі:
Стамбакиев Н.Ж.
Ислам экономикасының діни-этикалық негіздері // Адам әлемі. – 2021. – № 2 (88). – Б. 163-171.

Религиозно-этические основы исламской экономики

Аннотация. Целью работы является определение взаимосвязи этики и экономики, а также роли морально-этических норм в исламской экономике. Статья состоит из введения, двух основных частей и заключения.

В первой части статьи исследована связь между экономикой и этическими нормами. Проведен критический анализ на работы западных экономистов XIX века Жан-Батист Сэй, Леон Вальрас, Альфред Маршал о разделении экономической науки от этических норм. Установлено, что мусульманский социолог Ибн Халдун и французский философ Жан-Жак

Руссо рассматривали важность включения других аспектов человека в изучение экономики для полного понимания сути экономических решений, а не человека как экономической единицы.

Во-втором разделе исследована степень влияния этических норм в исламских учениях по экономике. В статье исследуются этические аспекты экономических принципов, вытекающих из религиозных источников Коран и Сунна, которые являются первоисточниками этических норм и принципов в исламской экономике. Было установлено, что исламская экономика основана на ведении честного бизнеса, экономическом равенстве, социальном равенстве и защите собственности, которые проанализированы по отдельности.

В результате исследования доказана значимость морально-этических ценностей экономики и показана неразрывность этических норм ислама в экономических решениях.

Ключевые слова: исламская экономика, религия, экономика, этика, мораль, социальное равенство.

Religious-ethical Framework of Islamic Economics

Abstract. The article studies relation between ethics and economics to what role moral and economic principles play in Islamic economics. The article includes introduction, two sections and conclusion.

The first section discusses a relation between ethical norms and economics. We attempted to critically analyze moral and ethical norms proposed by the western economists such as Jean-Baptiste Say, Leon Walras, Alfred Marshal in XIX century. Muslim social scientist Ibn Khaldun and French thinker Jean-Jacques Rousseau proposed not to consider an individual only as economic unit but develop his other aspects and potential as part of their economic research.

The second section considers how far ethical norms of Islamic economics were researched. The article emphasizes that norms and principles of Islamic economics derive from Quran and Sunnah, researches ethics of those economic principles. To be exact, we will determine that Islamic economics is based on fair trading, economic equality, property protection and scrutinize each that aspect.

The research results will prove that moral and ethical norms play a crucial role in general economic science, ethical norms of Islamic economics consist an integral part of economic decisions and actions.

Key words: Islamic Economics, Religion, Economics, Ethics, Moral, Social Justice.

Кіріспе

Соңғы екі онжылдықта қаржыландыру, инвестиция салу үрдістерінде этикалық нормалардың сақталуының маңыздылығы туралы зерттеулер мен талқылаулар арта түсті. 2007-2008 жылдары орын алған әлемдік дағдарыс қаржыландыру тетіктері мен әдістерінде этикалық принциптерді басшылыққа алу туралы талқылауларды тудырып, жалпы экономикадағы этиканың рөлін қайта жандандыруға деген сұраныс білдірді. Жалпы этикалық нормалардың қоғамдық өмірдің кез-келген саласында маңызды екендігі ортақ келісілген ұстаным. Этикалық нормалардың сақталуы әсіресе қаржы нарығы жақсы дамыған елдерде аса маңызды рөлге ие екендігі туралы қызу талқылаулар орын алған. Этикалық

өлшемдерден тәуелсіз өздігінен дамыған қаржы секторы түптеп келгенде қоғамның әлеуметтік-экономикалық жағдайының тұрақтылығына кері әсерін тигізетіндігін алға тартып кейбір қаржыгер мамандар айналымда жүрген бірқатар қаржылық операцияға шектеу қоюға шақыруда [1, р. 2-3]. Бүгінгі таңдағы бизнес пен экономикаға, әсіресе капитал нарығы мен банк секторына этикалық өлшемдерді интеграциялауға шақырушы үндеулер осыдан келіп туындайды. Батыстық үлгідегі қаржы жүйесінде де артық қорлардың әлеуметтік-мәдени, қоршаған ортаға пайдалы жобаларға жұмсалуды абзал саналады. Қаржыландыру қорларын этикалық нормалардың шеңберінде қолданылудың экономиканың тұрақты дамуына қосар үлесі зор екендігі мойындалады [2]. Жалпылама

алғанда, дәстүрлі қаржы жүйесі мен исламдық қаржыландыру жүйесіне ортақ этикалық құндылықтар бар екендігін айтуға болады. Дегенмен ислам экономикасындағы этикалық нормалардың ауқымы капиталистік жүйеге қарағанда әлдеқайда ауқымдырақ.

Ислам экономикасына тән этикалық нормалар мен практикалық қағидалар бірінші кезекте Құран және Сүннет деген екі қайнар көзге негізделеді. Экономикамен этикалық нормалардың арасындағы байланысты талдауға бағытталған бірқатар зерттеулер бар. Олардың арасында Wilson [3] экономика, дін және этика арасындағы байланысты зерделей келе монотеистік діндер қатарына жататын иудаизм, христиан және ислам діндеріндегі экономикалық әрекеттерге қатысты айтылған діни тағылымдарға жеке тоқталып кеткен. Umer Chapra [4] діни танымның адамның экономикалық әрекеттері мен шешімдеріне әсері туралы зерттеп, батыс қоғамында қабылданған секуляризм қағидаттарының нәтижесінде әлеуметтік ғылым салаларының діни этикалық нормалардан алыстатылғандығына талдау жүргізген. Boutayeba, Benhamida және Guesmi [5] ислам дініндегі экономика мен этиканың ара-қатынасын зерттеп, діни этикалық өлшемдер ислам экономикасы мен қаржы жүйесінің ажырамас бөлігі деген нәтижеге жеткендігін айтады. Араб тілінде жазылған еңбектерден al-Qaradawi [6] этика мен мораль өлшемдерінің ислам экономикасындағы рөлі туралы жазған кітабын атап өтуге болады. Кітапта ислам экономикасын ерекшелетін төрт түрлі қыры бар екендігін алға тартқан. Олар: 1) Діни тағылымдарға негізделуі; 2) Этикалық нормаларды басшылыққа алатындығы; 3) Жалпы адамзаттың игілігіне бағытталғандығы; 4) Орта жолды ұстану ерекшелігі. Аталған ерекшеліктерге жеке-жеке тоқталып, оның ішінде ислам экономикасының діни этикалық қырларын кеңінен талқыға алған. Ислам экономикасының табысты тек адал жолмен тауып адал

жолмен жұмсауға бұйыратындығына назар аударта отырып, исламның табыс табу жолында адами этикалық құндылықтарды құрбан етуге қарсы екендігіне ерекше тоқталған. Mansour және Ben Jedidia [7] исламдық банкинг саласына тән этикалық нормаларды айқындап, қазіргі уақыттағы ислам банкерінің этикалық өлшемдерге қаншалықты сәйкес екендігі турасында зерттеу жүргізген. Жалпылама алғанда экономика саласында талап етілетін әдептердің негізгілері – мейірімділік, шынайылық, адалдық, толеранттылық пен әділдік екендігін атап өтеді. R. Gerald [8] жалпы ислам дініндегі моральдық құндылықтардың рөлін зерттеуге бағытталған мақаласында этиканың анықтамасы мен тарихына кеңірек тоқталған. Өз зерттеуінде индуизм, буддизм, иудаизм, конфуцизм секілді діндерге ортақ этикалық өлшемдердің бар екендігін алға тартады. Этиканың тарихын көне дәуір, орта ғасыр және жаңа дәуір деп үшке бөліп қарастырған. Көне дәуірге ежелгі грек философтарының этика мен моральға қатысты ой толғауларын жатқызса, орта ғасыр кезеңіне христиандық пен исламның кең таралуымен байланысты насихатталған этикалық құндылықтарды топтастырған. Ал жаңа дәуір деп XVII-XIX ғасырлар аралығында әдеп пен этикаға қатысты қалыптасқан теорияларды қарастырған. H. Furqani [9] ислам экономикасындағы тауарлар мен қызметтерді тұтыну әдебін зерттеген. Ислам өлшемі бойынша тауарлар мен қызметтерді тұтынудағы түпкі мақсат адамның физикалық қажеттілігін өтеумен шектелмеу керектігін алға тарта отырып, оның артында жеке және қоғамдық игіліктерге қол жеткізу деген асыл мұрат көзделу керек екендігін айтады. Соның негізінде исламдағы тұтыну теориясы моральдық-этикалық нормаларға тәуелді етілгендігін бекіткен. Ислам дінінің экономикалық игіліктерді тұтынудың негізгі қағидалары ретінде мынандай принциптерді атап өтеді: діннің адал еткен хәм пайдалы игіліктерді тұтынып тиым салынған әрі

адамның жеке басы мен қоғамға зиян тигізетін нәрселерді тұтынудан аулақ болу; ысырапшылық пен сараңдыққа жол берместен екеуінің ортасында тепе-теңдікті сақтау.

Исламдағы этиканың орны туралы әдебиеттер мен зерттеулер діни қайнар көздерде келген этикалық нормалардың ауқымыөтекеңжәнежан-жақтыекендігін көрсетеді. Себебі ислам тағылымдары тек адамның Құдаймен байланысын ғана реттеумен шектелмейді, діни үкімдер адамның өзге қоғам мүшелерімен және айналасындағы жанды-жансыз жалпы тіршілік атаулымен қарым-қатынасын түзетуге де бағытталған. Исламдағы көркем мінез бен әдептіліктің ауқымы тіпті адамның өз ішкі дүниесімен байланысын да қамтиды. Бұл мақаланың мақсаты тақырыпқа сәйкес жасалған алдыңғы зерттеулерді зерделей келе, ислам экономикасындағы моральдық-этикалық нормалардың орнын айқындап көрсету.

Әдіснама

Мақалаға әдіс ретінде логика, тұтастық пен жүйелілік принциптері мен әлеуметтанулық зерттеу әдістері басшылыққа алынды. Атап айтқанда әдебиеттерге шолу жасап талдау әдісі мен зерттеу нәтижелерін салыстырмалы талдау әдістемесі қолданылды. Мақала екінші реттік дереккөздерге негізделді.

Этика мен экономиканың ара-қатынасы

XX ғасырда орын алған экономика ғылымдары мен этиканың арасындағы ажырау процесі аталмыш екі саланың дамуына бірдей керіс әсерін тигізді. Сен [10, 43 б.] экономика ғылымдарының екі бірдей қыры бар, бірі – этикалық нормалар, екіншісі – инжиниринг яғни материалдық-техникалық жағы бар екендігін алға тартады. Оның айтуынша қазіргі замандағы үдерістер экономиканың материалдық-техникалық қырларына шектен тыс көңіл бөлініп есесіне этикалық қыры ескеруізі

қалып қойғандығын көрсетеді. Расында экономика ғылымдарының бір бөлігі этикалық нормаларға негізделгендігін айтуға болады. Атақты әлеуметтанушы Ибн Халдунның (1332-1406) заманынан бастап «адам баласы үшін ең игіліктісі қайсы» деген мәселе табысқа жету жолдары мен табысты бөлісуге қатысты зерттеулердің өзекті сұрағы болып келген. Адам Смит (1723-1790) және өзге де батыстық экономиканы зерттеуші философтар да «адам баласы қалай өмір сүру керек» деген сұрақты зерттеулерінің өзегі еткен [10, 47 б.]. Кейінірек Жан-Батист Сэй (1767-1823), Леон Вальрас (1834-1910) және Альфред Маршал (1842-1924) экономикалық әрекеттердің материалдық-техникалық қырына көбірек мән беріп, нәтижесінде «адамды экономикалық әрекеттер мен шешімдерге жетелейтін мотивтер мен оның нәтижелері» туралы зерттеулерді «экономикалық процестердің техникалық қырлары мен тиімділік жақтарын анықтау» бағытымен толықтай алмастырды. Бұл жаңа бағыттың әрі қарай дамуы Пол Самуельсонның (1915-2009) бастамасымен экономикада болып жатқан үдерістер мен қатынастарға математикалық әдістермен талдау жасайтын «математикалық экономика» әдісінің қолданысқа енуіне алып келді. Осы орайда Лайонел Роббинс (1898-1984) экономика ғылымдарының этика ілімдерінен ажырағандығын жариялады.

1850-ші жылдардан бастап экономика саласындағы зерттеулерде Леон Вальрас, Альфред Маршал және Джон Хикс (1904-1989) сынды инструменталисттік әдісті қолдаушы экономисттердің бағыты басымдыққа ие болды. Олар экономикалық шешімдер мен әрекеттердің мәнін назардан тыс қалдырып, алғашқы кездегі «адам қалай мәнді өмір сүре алады» деген зерттеу сұрағын «ресурстарды қолдану үрдісін қалай тиімді етіп барынша көп табысқа қол жеткізуге болады» деген сұрақпен алмастырды. Мұндай бағыт әлеуметтік теңдікті назардан тыс қалдырып тек материалдық игіліктерге басымдық беретін Парето тиімділігі

(Pareto optimality) сияқты теориялардың туындауына түрткі болды. Бұл әдіс тиімділікті әділдіктен артық қоюмен ерекшеленеді. Шынында экономикалық үрдістерге тек қана материалдық-техникалық тұрғыда баға берумен шектелу кейбір экономикалық әрекеттерден туындайтын моральға сәйкес емес жағымсыз әсерлерді назардан тыс қалдырады. [11, 100 б.]. Мысалы Sen [10, 49 б.] айтуынша Парето тиімділігі экономикалық әрекеттің материалдық тиімділігіне шектен тыс басымдық беріп, есесіне игіліктерді қайта бөлудің маңыздылығын ескерусіз қалдырады. Парето тиімділігі бойынша егер қоғамдағы бір мұқтаж адамның жағдайын түзеу дәулетті ортаның игіліктерді ағыл-тегіл тұтыну мүмкіндігін белгілі бір деңгейде құрбан етуді талап етсе онда бұл шешім тиімсіз болып есептеледі. Моральдық һәм әлеуметтік тұрғыдан алғанда мұндай тұжырымның шынайы өмірде қолдау табуы екіталай. Себебі адам баласына тән табиғи түйсік сезіміне салсақ адамдар қоғамдағы мұқтаж жандарға қол ұшын беруге әрқашан дайын тұрады. Қайырымдылық шаралардың кез-келген қоғамда кеңінен қолданыс табуы Патерто тиімділігі секілді инструменталды экономикаға тән тұжырымдардың шынайы өмірге сәйкес еместігін айқындайды. Экономикаға инструменталды қарау әдісі қоғамдағы кедейліктің деңгейін мүлдем елемейді. Әйтпесе қоғамдағы дәулетті жандардың дүниесінің азғантай бөлігінің өзі кедейлердің қажеттіліктерінің белгілі бір бөлігін тіпті толықтай өтеуге жетер еді. Мұсылман әлеуметтанушысы Ибн Халдун және Жан-Жак Руссо (1712-1778) экономика ғылымдарының басты мақсаты – адамды тек экономикалық бірлік ретінде ғана емес, оның болмысына біртұтас қарап түсіну керек екендігіне назар аударған. Яғни әлеуметтік құбылыстарды зерттеу барысында адамның тек қана физикалық немесе материалдық жағын ғана емес оның мінез-құлық, этикалық, әлеуметтік, психологиялық және адамгершілік қырларын қаперде ұстау керектігіне

баса назар аударған. Себебі адам баласының мақсаты тек қана физикалық қажеттіліктерін өтеумен шектелмейді, адам өзінің әл-ауқатын түзеумен қатар әлеуметтік статусының жоғары болуы, моральдық құндылықтардың сақталуы, психологиялық қанағаттануы мен рухани жаңғыруы сияқты қажеттіліктерді өтеуге ұмтылады. Осы ұстанымды қолдаушы Sen [10, 53 б.] экономикалық әрекеттерге итермелеуші мотивтер мен мақсаттарды моральдық-этикалық тұрғыдан өлшеп зерттеу экономика ғылымын байытып тиімділігін арттыратындығын айтады. Ал қандай да бір үрдістің нәтижесінен гөрі процестің барысына көңіл бөлетін инструменталистік экономика бағытының өкілдері керісінше адамды «homo economicus» деп, оның тек экономикалық қырына қараумен шектелген [11, 101 б.]. Sen [10, 67 б.] Жапонияда жүргізілген зерттеудің нәтижесінде адамның экономикалық шешімдері әрқашан өзінің жеке материалдық қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағыттала бермейтіндігі анықталғандығын айтады. Зерттеу нәтижесі адамдардың мұқтаж жандарға жанашырлық танытып, қайырымдылық шараларын жасау жолында кейде тіпті өздерінің жеке мүдделерін құрбан ететіндігін көрсеткен. Сондықтан адамдардың экономикалық шешім қабылдауларын тек қана материалдық мотивтермен байланыстыруға болмайды. Адамдардың экономикалық әрекеттеріне мораль, дін және дәстүр секілді құндылықтардың да әсері бар екендігін жоққа шығаруға болмайды. Кейбір адамдардың өзінің жеке мүлкін ешқандай материалдық кері қайтарымы жоқ қайырымдылық шараларға жұмсауы соның айғағы.

Bruni мен Sugden [12, 49 б.] экономика ғылымдары нәтижелер мен мотивтерді этикалық өлшем тұрғысынан талдаусыз өмір сүре алмайтындығын алға тартып, қазіргі замандағы экономистердің, сала мамандары мен философтардың моральдық нормалардың рөлін қайта жандандырып жатқандығын айтады. Түрлі ұлттар мен қоғамдарда жүргізілген

эмперикалық зерттеулердің нәтижесі адалдық, жанашырлық, бауырмалдық, көркем-мінез таныту сияқты моральдық құндылықтардың адамның экономикалық шешімдеріне позитивті оң әсер ететіндігін көрсеткен [13, 53 б.].

Ислам экономикасының моральдық-этикалық өлшемдермен байланысы

Моральдық-этикалық өлшемдер барлық діндердің тағылымдарында насихатталатын ортақ құндылықтар болып табылады. Әсіресе адамдардың барлығын тең қарауды дәріптейтін Алладан аян етілген діндерде моральға ерекше көңіл бөлінеді. Қоғамдық өмір адамдардың түбі бір атадан тарағандығын естеріне салып, тіршілік ету үшін бір-бірінің жәрдеміне мұқтаж екендігін сездіретін факторлардың бірі. Өзара ұқсастықтарын сезінген адамзат қоғамына тән ортақ мүдделер олардың бір-біріне деген бауырмашылық сезімдерін арттырып, өмір-лік қажеттіліктерін өтеуде өзара жәрдемдесулерін нығайтады. Жанашырлық пен сыйластық, әділдік пен адалдық сияқты моральдық құндылықтардың сақталуы қоғам мүшелерінің өзара сабақтастықта өмір сүруінің кепілі.

Монотеистік діндер қатарына жататын ислам, христиандық және иудаизм тағылымдары пақырлар мен міскіндерге материалдық тұрғыда қарайласуға шақырады. Олардың ішінде әсіресе ислам діні қайырымдылық жасауға көп үгіттейді. Қасиетті Құран кітабында 167 аятта мұқтаж жандарға қайырымдылық көрсетуді дәріптеген [12, 116.]. Мысалы Бақара сүресінің 215-ші аятында: «Олар *[сахабалар]* сенен *(я, Пайғамбар)* *(қайырға)* жұмсайтын нәрселері туралы сұрайды. «Сендердің қайырдан жұмсағандарың ата-анаға, жақын туыстарға, жетімдерге, міскіндерге және жолаушыларға *(болсын)*. Не қайыр қылсаңдар да, шындығында, Алла – ол туралы Білуші» деп айт» деп бұйырған.

Моральдық-этикалық құндылықтар Мұхаммет пайғамбардың (с.а.с.)

хадистерінде де өте көп дәріптелген. Пайғамбар хадистерінің бірінде: «Қиямет күнгі амал таразысында көркем мінезден ауыр түсетін амал жоқ» деп, діни құлшылықтардың ішінде көркем мінезге ерекше орын берген. Басқа бір хадисінде: «Шыншыл, адал саудагер қияметте пайғамбарлар, шыншылдар және шейіттермен бірге болады» деу арқылы сауда-саттықты адал жүргізудің сауабын ерекшелеген. Аталған Құран аяттары мен хадистер көркем-мінездің жалпы адам өмірінде, оның ішінде экономикалық өмірінде айырықша орынға ие екендігін айқындайды.

Ислам дінінің тағылымдарында адамдардың экономикалық әрекеттері мен шешімдеріне қатысты көптеген бұйрықтар мен тыйымдар келген. Діни бұйрықтардың бірі міндеттеуші күшке ие болса енді бірі ынталандырушы деңгейде. Ислам дінінің экономика саласындағы өзге діндерден ерекшелігі экономика саласына қатысты жағдаяттар мен үкімдерді егжей-тегжейлі қамтуында. Сауда-саттық, кәсіппен айналысу, жалға беру, жалға алу, қарыз алысып-берісу, мұраны бөлісу, ортақ серіктестік құру, инвестиция құю, жұмыспен қамту мен жалданып жұмыс істеу, табысты бөлісу, тауарлар мен қызметтер өндіру мен оларды тұтыну әдептері, қайырымдылық беру, егін және мал шаруашылығымен айналысу секілді экономикалық әрекеттерді реттеуге арналған Құран аяттары мен хадистер өте көп. Аталмыш мәселелерге қатысты діни үкімдердің этикалық қырларын зерделей келе ислам экономикасы төмендегідей моральдық-этикалық құндылықтарға негізделгендігін айтуға болады.

Ризық-несібе табу жолында адал кәсіппен айналысу. Құранның бірқатар аяттарында Алла тағала адам баласына жер бетін кезіп өзінің ризығын тауып жеуге үндейді. Мүлік сүресінің 15-ші аятында: «Сендер үшін жерді көнбіс етіп жаратқан – Сол *[Алла]*. Енді оның *[жердің]* шартарабында жүріңдер де, Оның *[Алланың]* ризығынан жеңдер. Нәм *(Қиямет күні)* қайта тірілу де Соған *[Аллаға]* қарай» делінген. Ислам

экономикасы бойынша адамдардың кәсіппен айналысуға деген мүмкіншіліктері тең болуы тиіс және экономикалық игіліктер мен ресурстардың барлығына бірдей қол жетімділігі қамтамасыз етілуі аса маңызды. Ислам діні ресурстарды тек қана белгілі бір таптарға ғана қолжетімді етіп, есесіне жағдайы төмен қоғам мүшелерінің мүмкіндігін шектеуші экономикалық жүйелерге сынмен қарайды.

Әділдік принципі. Исламдағы діни үкімдерді терең зерделеген адам олардың астарында әділдік принципінің жатқанын аңғарады. Шынында, қандай да бір іске бұйырған діни үкімдер әділдікті орнатуға бағытталған болса, діни шектеулер мен тыйымдар зұлымдық пен әділетсіздіктің жолын кесу үшін заңдастырылған. Мысал ретінде исламның өсімқорлыққа тыйым салуын келтіруге болады. Ислам өсімқорлықты өзге адамдардың жеке меншігіне қол сұғу деп бағалап, әділетсіздік элементін қамтығандықтан тыйым салған. Себебі исламдық қаржы жүйесі бойынша қарыз келісімшарты қарызға алынған мүлікті борыш иесінен борышкердің меншігіне толықтай өткізетін келісімшарт болып табылады. Демек, қарызға алған мүліктен түскен табыс түгелімен борышкердің жеке меншігі болып есептеледі. Қарызға алынған меншіктің үстінен қосымша өсім талап ету борышкердің жеке меншігіне қол сұғу болып есептеледі. Сондай-ақ, ұрлықтың харам етілуіндегі мақсат та адамның жеке меншігін әділетсіздіктен қорғау. Осылайша тыйым салынған әрекеттердің астарында адамның жеке меншігін қорғап, экономикалық әділеттілікті орнату мақсаты жатқандығын аңғаруға болады.

Мейірбандық пен жанашырлық таныту. Ислам экономика жүйесі жалпы қоғамның әл-ауқатын түзеу үшін жалғыз экономикалық әділдіктің сақталуы жеткіліксіз деп қарастырады. Экономикалық қатынастардағы әділеттілік әлеуметтік байланыстар мен адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру үшін жеткіліксіз. Адам Смит айтқандай «Көрінбейтін қол

(Invisible Hand)* тұжырымының шынайылыққа сәйкес келмейтіндігін айғақтайтын жағдаяттар көп. Себебі шынайы өмірде адамдардың кәсіппен айналысып өз қажеттіліктерін өздері қамтамасыз етуге деген қабілеттері бірдей бола бермейді, әр түрлі көлденең факторлардың кесірінен кейбір адамдардың жұмысқа жарамдылығы төмен немесе тіпті мүлдем болмайтын жағдайлар да кездеседі. Сондықтан ислам экономикасы мұндай жағдайда «әркім өз нанын өзі тапсын» деген экономикалық ұстанымды қалдырып тұрмысы төмен жандарға қарайласу жалпы қоғамның жауапкершілігінде болу керек деп біледі. Қоғамдағы мүмкіндігі шектеулі кедей жандарға материалдық тұрғыдан жәрдем көрсетіп, оларға жанашырлық таныту принципі ислам экономикасының негізгі қағидаларының бірі. Ислам экономикасында аталмыш міндетті атқаруға бағытталған зекет, садақа және уақф деген арнайы қайырымдылық институттар бар. Ислам экономикасы бойынша қайырымдылық секторының міндеті адамдардың барлығын дәулетті етпесе де, әйтеуір далада аш-жалаңаш адам қалдырмайтындай қоғам мүшелеріне ең минималды деңгейде болса да қолдау көрсету. Сондай-ақ, қайырымдылық шаралардың жемісі тек қана материалдық қамтамасыз етумен шектелмейді. Мұқтаж жандарға қолдау көрсету қоғам мүшелері арасында өзара сыйластық пен бауырластық сияқты сезімдерінің рухын оятады. Ислам діні адамзат қоғамынан бөлек өзге де қоршаған ортадағы жанды-жансыз нәрселерге мейірбандық танытуды үгіттейді [11, 107 б.].

Меншікті қорғау. Мұсылман ғалымдары діни мәтіндерді толықтай зерделей келе шарияттың бес ұлы мақсаты бар деген ортақ тұжырымға келген. Олар: 1) адамзаттың діни мен сенімін сақтау; 2) адамзаттың өмірін

* Егер әрбір жеке тұлға өз мүддесі үшін жұмыс істейтін болса көпшіліктің мүддесі өзі ақ шешіледі деген тұжырым

сақтау; 3) адамзаттың ақыл-зейінін (интеллект) сақтау; 4) адамзаттың ұрпағын сақтау; 5) адамзаттың дүние мүлкін (меншігін) сақтау. Ғалымдар исламдағы кез-келген жекелеген діни үкім осы аталған бес ұлы мақсаттың бірінің аясына кіретіндігіне бір ауыздан келіскен.

Мүлікті сақтаудың шарифат көздеген бес ұлы мақсаттың бірі атануы исламның меншікті қорғауға қаншалықты деңгейде мән беретіндігін аңғартады. Бұл жердегі дүние-мүлікті сақтаудың мағынасы – ұрлық, өсімқорлық, алаяқтық, қарақшылық, тонау секілді жеке меншікке қол сұғушылық болып табылатын әрекеттерден меншікті қорғау. Сондай-ақ, оны тек қорғап қана қоймай сауда-саттықпен айналысып, инвестицияға салу арқылы адал кәсіп жолдарымен оның көлемін әрі қарай ұлғайту.

Діни мәтіндердің ішінде дүние-мүлікті қорғап, оны әрі қарай өсіруге бұйыратын аяттар мен хадистер өте көп. Бақара сүресінің 188-ші аятында: «Және өз араларыңда мал-мүліктеріңді жалғандықпен *[әділетсіз түрде]* жемендер» делінген. Құран аятында мал-мүліктер деген мағынада «әл-Мәәл» деген арабша сөз қолданылған. Араб тіліндегі «әл-Мәәл» сөзі өзге тілдерге жалпылама меншік, мүлік деп аударылады. Дегенмен «әл-Мәәл» терминінің ислам экономикасы контекстінде айырықша мағынаға ие. Ислам экономикасы бойынша «әл-Мәәл» яғни дүние-мүлік ұғымы тек қана таза, адам өмірі мен қоғамға пайдалы мүлік түрлерін ғана қамтиды. Яғни ислам экономикасы темекі, есірткі немесе арақ-шарап секілді зиянды нәрселерді дүние-мүлік деп мойындамайды. Нәтижесінде ислам экономикасының нормалары аталмыш заттарды сатуға, сатып алуға, қаржыландыруға тіпті сыйға тартуға тыйым салады. Ислам банктерінің жүйесінде қаржыландыруы талап етілген объектінің осы жоғарыда аталған критерийге жауап беруі қатаң түрде талап етіледі. Ислам экономикасының осылайша зиянды заттардың таралуына шектеу қойып, пайдалы заттардың

айналымын кеңеюіне ат салысуы оның моральдық-этикалық қырын нақтылай түседі [11, 109 б.].

Қорытынды

Қорыта айтқанда моральдық-этикалық нормалар жалпы экономика ғылымдарында ерекше рөлге ие. Адамның психологиялық, діни, моральдық, рухани қырларының экономикалық шешімдер қабылдауға өзіндік әсері бар екендігін ескеретін болсақ, адам баласына тек экономикалық бірлік деп қарау мәселенің мәнін толық ашуға мүмкіндік бермейді. Сондықтан моральдық-этикалық құндылықтарды экономика ғылымдарының зерттеу аясынан тыс қалдыру экономикалық құбылыстарға толыққанды баға беруге кедергі келтіреді. XIX-XX ғасырларда экономикада инструменталистік бағыт басым болғанына қарамастан, қазіргі дәуірдегі сала мамандары мен зерттеушілер экономика ғылымдарын қайтадан этикалық нормалармен байланыстыру қажеттігін күн тәртібіне көтеруде. Әлемдегі орын алып жатқан түрлі қаржылық және экономикалық дағдарыстар қалыптасқан экономикалық жүйені қайта қарастыруға мәжбүр етуде.

Талқылау нәтижесінде ислам экономикасының жүйесі мен басты принциптері этикалық нормалармен тығыз байланысты екендігі аңғарылды. Атап айтқанда, ислам экономикасының мынандай этикалық принциптерге негізделгендігі анықталды: адал кәсіппен айналысу, экономикалық теңдікті қадағалау, әлеуметтік теңдікті сақтап тұрмысы төмен адамдарға қайырымдылық көрсету және меншікті қорғап, оны айналымға салу арқылы көбейту.

Адамның меншігін сақтау шарифаттың ұлы бес мақсатының бірі болып бекітілуі исламның мүліктік қатынастарды реттеуге ерекше мән бергендігін аңғартады. Осыдан ислам экономикасының діни-этикалық нормалармен тығыз байланысты екендігін көруге болады.

Әдебиеттер тізімі

1. Belabes A. Ethics, Norms and Finance: What Are We Talking About? A paper presented at the Chair for Ethics and Financial Norms. 2013, University of Paris 1, Paris. 2-3 p.
2. FEBEA. What Really Differentiates Ethical Banks from Traditional Banks? European Federation of Ethical and Alternative Banks and Financiers. 2013, April 17th, 2012. Retrieved from: <https://pravnicnabankaenglish.files.wordpress.com/2014/03/febea-definition-ethical-bank.pdf>
3. Wilson R. Economics and Religion: Jewish, Christian and Muslim Economic Thought. New York, 1997, New York University Press, 233 p.
4. Umer Chapra M. Ethics and Economics: An Islamic Perspective // *Islamic Economics Studies*. 2009, Vol. 16 No. 2.
5. Boutayeba F., Benhamida M., Guesmi S. Ethics in Islamic Economics. *Annales // Ethics in Economic Life*. 2014, Vol. 17, No. 4. - 111-121 pp.
6. Al-Qaradawi Y. *Dauru al-qiyam wa al-akhlaq fi al-iqtisad al-islami* [The Role of Ethics in Islamic Economics]. Published by Maktabah Wahbiya, 1st ed., Cairo, 1995.
7. Monsour W., Ben Jedidia. How Ethical Is Islamic Banking in the Light of Maqasid al-Shari'ah? // 3rd ISRA International Colloquium in Islamic Finance, 2013, Kuala Lumpur, Malaysia.
8. Gerald R. Ethics in the Light of the Shariah // 3rd ISRA International Colloquium in Islamic Finance, 2013, Kuala Lumpur, Malaysia.
9. Furqani H. Consumption and Morality: Principles and Behavioral Framework in Islamic Economics // *Journal of King Abdul Azizi University: Islamic Economics*. 2017, Vol. 30, 89-102 pp.
10. Sen. *On Ethics and Economics*. - Oxford, 2014, UK: Blackwell Publishing, 131 p.
11. Kahf M. *Islamic Economics Principles & Analysis* // International Shari'ah Research Academy for Islamic Finance. 2018, Kuala Lumpur.
12. Kahf M. *Asasiyatul tamuil islami* [Principles of Islamic Finance]. International Shari'ah Research Academy for Islamic Finance. 2011, Kuala Lumpur.
12. Bruni L., Sugden R. *Why Economics Needs Ethical Theory?* - Oxford, 2013, UK: Oxford University Press.
13. Bowels S. *The Moral Economy: Why Good Incentives Are No Substitute for Good Citizens*. - New Haven, 2016, Connecticut: Yale University Press.

АВТОР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

Нұржан Жаксылықұлы Стамбакиев докторант, аға оқытушы, Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы, Қазақстан

Нуржан Жаксылыкович Стамбакиев докторант, старший преподаватель, Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, Алматы, Казахстан

Nurzhan Stambakiyev PhD student, Senior Lecturer, Nur-Mubarak Egyptian University of Islamic Culture, Almaty, Kazakhstan